

БӨЛІМ: ТӘРБИЕ САҒАТЫ

XXI –ғасыр қожасында қандай дағды қалыптасу керек?ЖАРИЯЛАНДЫ
18.02.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/54853/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

«Байжанов атындағы орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталықпен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Ашық тәрбие сағаты

Тақырыбы: XXI –ғасыр қожасында қандай дағды қалыптасу керек?

6 «Ә» сынып

Сынып жетекші: У.Сатжанова

2015-2016 оқу жылы

Тексерген _____

Сыныбы 6 «Ә»

Пән мұғалімі : У. Сатжанова

Сабақтың тақырыбы : XXI –ғасыр қожасында қандай дағды қалыптасу керек.

Өткізілген уақыты : 01.03.2016 ж

Сабақтың мақсаты: 1. Жас жеткіншектерді рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, жалпы адами қасиеттерге ие болатын тұлға қалыптастыру.

2. Оқушылар бойына ұлттық намыс пен рух, ақыл мен парасат, адамгершілік пен адалдық сияқты қасиеттерді сіңіру, іскерлік дағдыларын дамыту.

3. Отанын құрметтей білетін, болашақта Қазақстанды өркендетуге өз үлестерін қосатын азамат тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже: 1. Жас жеткіншектер рухани-адамгершілікке тәрбиеленеді, жалпы адами қасиеттерге ие болатын тұлға қалыптасады.

2. Оқушылар бойына ұлттық намыс пен рух, ақыл мен парасат, адамгершілік пен адалдық сияқты қасиеттерді сіңіреді.

3. Отанын құрметтей білетін, болашақта Қазақстанды өркендетуге өз үлестерін қосатын азамат тәрбиеленеді.

Көрнекіліктер Интерактивті тақта, үлестірме қағаздар, шаңырақ, алма ағашы, постер, маркер.

Кезең Уақыт Мұғалімнің іс-әрекеті Оқушының іс-әрекеті

1. Білу 3 мин Ұйымдастыру кезеңі:

Сәлемдесу

Жағымды ахуал туғызу

«Шаңырақ» — шаттық шеңбері.

Топқа бөлу Шаңырақ астынан түрлі-түсті лента таңдап бір-біріне «жақсы сөз жанымызды жадыратады»- деп тілектер айтады.

Конверт ішіндегі суреттер арқылы топқа бөлінеді.

Таныстыры-лым: 5 мин Елбасы: «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық мемлекетінің нығайып, көркеюі, жолында жан теріңді аянбай жүріп еңбек ет. Жердің де елдің де, иесі екеніңді ұмытпа», -дейді. Расында да, болашақта өз елінің қожасы да, иесі де өздеріңізсіздер. Сіздер жаңа ғасыр, жаңа мыңжылдықтың жас ұрпағы, егеменді еліміздің ертеңісіздер.

Бұл ғасыр — білім ғасыры. Еліміздің дамуы үшін Қазақстанды әлем танитындай бәсекеге қабілетті ел болу үшін бүгінгі жас ұрпақ –сіздер білімді, саналы, білікті болуларыңыз шарт. XXI –ғасырдың қожасы қандай болу керек? Әр оқушы алдына қойған мақсатына жету үшін өзін тәрбиелеу керек. Назар аудару.

Түсіну 10 мин 1. Білімді толқытыру.

2. Елжандылық.

3. Уақытпен есептесу.

4. Жауапкершілік

5. Сенім.

6. Мейрімділік.

7. Салауатты өмір салтын сақтау. Сұрақтарға жауап беру.

Түсіну 5 мин 6 сыныпта қазақ әдебиетінен Бердібек Соқпақпайовтың «Менің атым Қожа» повесін оқыдыңдар. Ал енді балалар! Ақылды, тентек, озат, оқушы, жазушы болам деген арманшыл аңғал қожаның образын көз алдыларыңызға елестетіңіздерші, бұл образ қалай да сүйсіндірмей қоймайды. Ал қазір «Менің атым Қожа» филімінің үзіндісін тамашалайық.

Талдау 10 мин 1. Қожа «Құпия кеңес» өткізетін бөлмесінде қандай тұжырымға келеді?

Қожа алдына міндет қойып сол жолда мақсатына жетуге тырысады, өзін-өзі жазалай біледі, сынай біледі. Қожа –ақылды, әділ, мейірімді, сезімтал, парасатты.

Талдау ХХІ-ғасыр ұрпағының бойында осы қасиеттерінің барлығы табылуы керек.

Талдау 10 минут

1. Қожаның сотқар болуына себеп нәрселер.

2. Қожаның әдепті жолға түсуіне себеп нәрселер.

3. Қожаны Майқанованың, Жантастың ұнатпау себебі

4. Оспановтың, Жанардың Қожаны ұнату себебі. Қажетті сөздерді топтастыру.

Талдау Балалар, Қазақстан Республикамызды 20-30 жылдан кейін көз алдыларыңызға қалай елестетесіздер? Постермен жұмыс

Жинақтау Көрініс Қаһарман болу үшін

Қорытынды-лау

Мемлекетіміздің тарапынан жас ұрпақтың өз мақсатына жету үшін бірнеше жұмыстар атқарылып жатыр.

Н.Назарбаев «Үш тұғырлы тіл» идеясында: «Мен бүгінгі ұрпақтың үш тіл білуін қолдаймын», қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі —

ұлтаралық қатынас тілі, ал ағылшын тілі – халықаралық қатынас тілі. Сондықтан болашақта ағылшын тілі пәні мектептерге 1 сыныптан бастап кіргізілді. Қазақстанның көп қалаларында зияткерлік мектептер ашылып, оқушының жан-жақты білім алуына қолайлы жағдай жасалған.

Қорытынды-лау 5 мин Тұлға - білімді - елжанды - тәрбиелі — дені сау - парасатты.

Бағалау 1 мин

Оқушылардың сабақ барысында алған қорытынды бағаларын көшбасшыларына талдату Бағаны күнделікке қойдырады.

Рефлексия 1 мин

Бүгінгі сабақтан алған әсерлеріңді алмаларға жазып, алма ағашына ілу арқылы көрсетіңдер! Оқушылар алмаларын көрсетеді

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.